

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Конференция атауы:

«Жастар мен ғылым: бүгінгі мен болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Название конференции:

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Молодежь и наука: настоящее и будущее»

Conference name:

International Scientific and Practical Conference "Youth and Science: Today and the Future" Proceedings

Жинақ / сборник:

II том, 5 сәуір 2024, Атырау

ISBN:

978-601-262-550-9

Секция:

IV.II «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН-АДАЛ АЗАМАТ»: ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТ-БАҒДАРЫ РЕТІНДЕ

Жинақтағы жариялану нөмірі:

№ 59

Мазмұндағы беті / жинақтағы беттер:

280 / 280-284

Автор(лар):

Медетова Мөлдір Болатқызы

Мақала атауы:

АЗАМАТТЫҚ ІСТІ СОТ ОТЫРЫСЫНА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

АЗАМАТТЫҚ ІСТІ СОТ ОТЫРЫСЫНА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Медетова Мөлдір Болатқызы

medetovamuldir@gmail.com

«Құқықтану» білім бағдарламасының 4 курс студенті

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., аға оқытушы – **Айтмуханова Д.У.**

Азаматтық сот ісін жүргізу – бұл азаматтық құқықты мәжбүрлеп жүзеге асыру тәртібі. Оның міндеттері азаматтардың, мемлекеттің және ұйымдардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.

Заңдылық – бұл қағида құқықтың кез-келген саласына тән, оның ішінде азаматтық іс жүргізу құқығының негізгі принциптерінің бірі болып табылады. Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы Конституциялық заңда соттың заңның барлық талаптары мен әділеттілігін сақтай отырып, оның ісін қарау құқығынан ешкімді айыруға болмайтындығы бекітілген.

Сот талқылауы азаматтық сот ісін жүргізудің негізгі кезеңі болып табылады, оның барысында құқық субъектілерінің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу, Заңға және сотқа құрметпен қарауды қалыптастыру бойынша соттарға жүктелген міндеттер неғұрлым толық жүзеге асырылады. Сот талқылауы кезеңі де ең бай мазмұнымен ерекшеленеді, өйткені істі бірінші сатыдағы соттың қарау және шешу тәртібі заңмен толық және нақты реттелген. Істі қарау кезінде сот өтініш берушінің талаптары мен жауапкердің қарсылықтарының мәнін нақты түсініп, дәлелдемелерді тікелей зерттеп, істің заңды мән-жайларын анықтап, іске қатысатын адамдардың құқықтары мен міндеттерін анықтауы керек. Сот талқылауының кезеңі, әдетте, ҚР атынан шешім шығарумен аяқталады. Істі шеше отырып, сот азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғайтын заңды және негізделген сот шешімін шығаруға міндетті.

Азаматтық істерді дұрыс және уақтылы қарау және шешу, сондай-ақ сот талқылауына дейін жанжалды шешуге күш салу істі дайындау сатысының мақсаты мен міндеттерін, оның рөлі мен жалпы процесс үшін маңыздылығын дұрыс түсінуге ықпал етеді. Алдын ала сот отырысын тағайындауды дұрыс түсіндіру процесті жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен қатар іске қатысатын адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың қосымша кепілдіктерін ұсынады, ал істі дайындаудың теориялық әзірлемелері мен зерттеулері, тәжірибе көрсеткендей, әрқашан оның құқықтық регламентін жетілдіруге әсер етті. Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау кезеңі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің 16-тарауында, сонымен қатар 2001 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған N 21 «Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысында көрсетілген. Осылайша, Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 1-тармағына сәйкес азаматтық істерді соттың қарауына әзірлеу бірінші және апелляциялық сатыдағы соттың іс жүргізу сатысындағы міндетті бөлігі болып табылады және ол тараптар ұсынған дәлелдемелер мен қолданылуға жататын материалдық құқық нормаларына сәйкес тараптардың заңды құқықтары мен міндеттерін, олар ұсынған дәлелдемелерді сот отырысында толық, жан-жақты және объективті түрде зерттеп, заңды және негізді сот актісін шығару үшін қажетті жағдайлар тудырады.

Азаматтық сот ісін жүргізудегі міндетті және маңызды кезеңдердің бірі – істерді сот талқылауына дайындау. Істі сот талқылауына дайындау – бұл сот ісін заңды түрде шешудің

басталуы болатын процестің кезеңі. Істі сот талқылауына дайындау – бұл азаматтық сот ісін жүргізу міндеттерін орындау үшін сот, іске қатысушы тараптар және басқа да адамдар жүзеге асыратын іс жүргізу әрекеттерімен байланысты азаматтық процестің міндетті кезеңі. Талап арызды қабылдау азаматтық іс қозғау үшін негіз болып табылады, демек, кейін талап арызды қабылдау судьяның істі сот талқылауына дайындауға байланысты міндетті іс-әрекеттерді жүргізу міндеттері туындайды.

Азаматтық істі сот талқылауына дайындау бірінші сатыдағы сотта талқылаудың дербес және міндетті кезеңі болып табылады, атап айтқанда дербес бағыт арнайы мақсатпен, міндеттермен және мәнмен айқындалады. Міндеттеме істі сот талқылауына дайындау дәлелдемелердің күрделілігіне, көлеміне, әлеуметтік маңыздылығына және өзге де факторларға қарамастан барлық азаматтық істер бойынша жүзеге асырылуға тиіс екендігінде көзделеді. Осылайша, істі сот талқылауына дайындау азаматтық істі қарау процесінде жеке міндеттерді орындау арқылы ҚР АПК-нің 4-бабында тұжырымдалған міндеттерді шешуге жағдай жасайды.

Азаматтық істі сот талқылауына дайындау міндеттері әрбір іс бойынша міндетті болып табылады:

- 1) істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды нақтылау;
- 2) тараптардың құқықтық қатынастарын және сот басшылыққа алуға тиіс заңды айқындау;
- 3) іске қатысатын адамдардың құрамы туралы мәселені шешу және оларға сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарлау;
- 4) әрбір тараптың өз талаптарын немесе қарсылықтарын негіздеуі үшін ұсынылуға тиіс дәлелдемелерді айқындау;
- 5) тараптарды татуластыруға жәрдемдесу болып табылады[1].

Істі сот талқылауына дайындау кезеңі екі кезеңнен тұрады: бастапқы және қорытынды, соңғысының нәтижесі алдын ала сот отырысын өткізу болып табылады.

Істі сот талқылауына дайындау судья істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығаруынан басталады. Талап арыз соттың іс жүргізуіне қабылданған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмей істі сот талқылауына дайындау жүргізілуіне тиіс. Аса күрделі істер бойынша айрықша жағдайларда судьяның ұйғарымы бойынша көрсетілген мерзім өткеннен кейін бұл мерзім 1 айға ұзартылуы мүмкін. Алайда, азаматтардың мүдделерін елеулі түрде қозғайтын, алименттерді өндіріп алу туралы, денсаулықтың зақымдануынан келтірілген зиянды өтеу туралы, сондай-ақ асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты істер бойынша мерзімді ұзартуға жол берілмейді.

АПК-нің 163-бабының бірінші тармағына сәйкес судья әр іс бойынша, оның ішінде соттылығы бойынша басқа соттардан келіп түскен істер бойынша да, сондай-ақ оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізуден істі талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша жалпы тәртіппен қарауға көшу немесе АПК-нің 267-4-бабының екінші тармағына сәйкес оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған сот шешімінің күшін жою кезінде істі соттың қарауына әзірлеу туралы ұйғарым шығаруы тиіс. Ұйғарымда, даудың санатын ескере отырып, оның сот отырысында уақытылы және дұрыс шешілуіне қажет болып табылатын нақты мерзімдер және әрекеттер көрсетілуі керек[2].

Іс бойынша шығарылған сот актісі апелляциялық немесе кассациялық тәртібінде бұзылып, іс бірінші сатыдағы соттың жаңадан қарауына қайтарылған жағдайда да, осындай ұйғарым шығарылуы тиіс.

АПК-нің 429-бабының бірінші тармағына сәйкес істі соттың қарауына әзірлеу туралы ұйғарымға шағым немесе наразылық келтіруге болмайды.

АПК-нің 165-бабында істі дұрыс және уақтылы қарау және шешу үшін қажетті іс жүргізу әрекеттері айқындалған. Осылайша, судья жауапкерді дәлелдерді негіздейтін дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қоюшы мәлімдеген талаптарға сот белгілеген мерзімде жазбаша пікір беруге міндеттейді. Мұндай пікірдің мазмұны, оның нысаны, пікірге қоса берілетін қажетті құжаттардың болуы және оны ұсыну мерзімі АПК-нің 166-бабымен

регламенттелген. Сонымен қатар, жоғарыда аталған міндет жауапкерге бекітіліп берілген жағдайда, жауапкердің пікір мен дәлелдемелерді ұсынбауы істегі бар дәлелдемелер бойынша істі қарауға кедергі келтірмейтінін және егер жауапкер немесе іске қатысатын басқа да адамдар сотқа талап арызға қоса берілген құжаттарды алмағаны туралы мәлімдеген жағдайда, сот олардың сотта танысуын қамтамасыз етеді, ал егер бұл тұлғалардың құжаттарды табыс ету туралы өтінішхаты болса, ол талапкерді осы құжаттардың көшірмелерін беруге міндеттеп сот істің қаралуын қамтамасыз ететінін атап өтуге болады.

Судья тараптарға сот белгілеген мерзімде дәлелдемелерді уақтылы ұсынбаудың және Азаматтық процестік Кодексте белгіленген процесті негізсіз созудың құқықтық салдарын түсіндіреді, тараптың өтінішхаты бойынша азаматтар мен заңды тұлғаларды істі дұрыс қарау және шешу үшін маңызы бар дәлелдемелерді ұсынуға міндеттейді, Азаматтық процестік Кодекстің 73-бабының жетінші тармағында белгіленген құқықтық салдарларды түсіндіреді[3].

Дәлелдемелерді тараптар және іске қатысатын басқа да адамдар істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады. Егер істі сот талқылауына дайындау сатысында оларды ұсыну мүмкін еместігін оларды ұсынған адамдар негіздейтін болса, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін.

Істі сот талқылауына дайындау кезеңінде судьяның міндетіне тараптарға дауды бітімгершілік келісіммен, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен шешу не дауды шешу үшін төрелікке жүгіну құқығын және олардың құқықтық салдарын түсіндіру кіреді.

Сот талқылауына дайындық, негізінен, мынадай коммуникациялық құрылымға ие: тараптар сот талқылауының материалдарын жазбаша құжаттарымен бірге дайындайды. Сот жазбаша материалдарды беру мерзімдерін белгілеп, тараптарға заңды нұсқаулар бере отырып, бұл процесті басқарады. Бұл жағдайда сот талқылауы іс жүзінде істі дайындаудың ұзақ кезеңіне салыстырмалы түрде қысқа мерзімде аяқталады[4].

Істі сот талқылауына дайындау кезеңінің бастапқы кезеңінде көптеген мәселелер шешіледі: сараптамаларды тағайындау туралы, дәлелдемелерді ұсыну туралы, талап қоюдың нысанасын немесе негізін өзгерту туралы, қарсы талап қою туралы және т.б.

Істі сот талқылауына дайындау сатысының соңғы кезеңі алдын ала сот отырысын өткізу болып табылады, ол істі сот талқылауына дайындау кезінде жасалған тараптардың және іске қатысатын басқа да адамдардың өкімдік әрекеттерін процестік бекіту, сотқа жүгіну мерзімдерін және талап қоюдың ескіру мерзімдерін өткізіп алу фактілерін зерттеу мақсатында өткізіледі. Алдын ала сот отырысын өткізу уақыты мен орны туралы іске қатысушы тараптар мен басқа да адамдарға, сондай-ақ міндетті түрде қатысу міндеттілігі АПК белгіленген істер бойынша прокурорға хабарланады. Шақырылған адамдардың біреуінің келмеуі алдын ала сот отырысын өткізуге кедергі болып табылмайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 172-бабының 1-тармағы істі сот талқылауына дайындау нәтижелері бойынша істі сот талқылауына дайындау кезінде жасалған тараптардың және іске қатысатын басқа да адамдардың өкімдік әрекеттерін процестік бекіту, сотқа жүгіну мерзімдерін және талап қоюдың ескіру мерзімдерін өткізіп алу фактілерін зерттеу мақсатында алдын ала сот отырысы өткізілетінін айқындайды.

Осы кезеңде судья істі сот талқылауына дайындау үшін әлі де талап етілетін барлық шараларды қабылдайды, істің мән-жайларын тараптармен талқылайды, сұрақтар қояды, даулы құқықтық қатынастардың сипатын және тараптардың татуласуына ықпал ететін мән-жайларды айқындайды, талап арызға жазбаша пікір беру мерзімін, егер жауапкер оны бұрын белгіленген мерзімде ұсынбаса немесе талап арыздың барлық талаптары мен негіздері бойынша кері қайтарып алуды ұсынбаса белгілейді.

ҚР АПК-нің 172-бабының 6-тармағына сәйкес, талап қоюдың ескіру мерзімін немесе сотқа жүгіну мерзімін дәлелсіз себептермен өткізіп алған кезде судья іс бойынша өзге де нақты мән-жайларды зерттемей талап қоюдан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Мерзімді өткізіп алу фактісі талапкердің өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхаты немесе жауапкердің талап қоюдың ескіру мерзімін қолдану туралы өтінішхаты негізінде белгіленеді.

Демек, сот сонымен қатар талап қоюдың ескіру мерзімін өткізіп алу мәселесін зерделеуге міндетті. Бірқатар себептер бойынша Қазақстанда талап қою мерзімін өткізіп алу мәселесі соттардың (көбінесе жауапкердің) алдына жиі қойылады және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 179-бабының 3-тармағына сәйкес талап қоюдан бас тарту үшін негіз ретінде жиі қолданылады.

Егер талап қою мерзімдерін өткізіп алу мәселесі ҚР АПК-нің 172-бабында талап етілгендей алдын ала сот отырысында толық зерттелетін болса және сот кез келген тараптың арызы бойынша талап қою мерзімінің өткізіп алынғанын анықтаса, онда судьяның мұндай әрекеттері істі мәні бойынша қарау және оған тиісті шешім қабылдау мерзімдерін едәуір қысқартуы мүмкін.

АПК-нің 173-бабына сәйкес, егер судья істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарымда көрсеткен барлық әрекеттерді орындаса, іс сот талқылауына дайын деп есептеледі. Сондай-ақ, «Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы нормативтік қаулысын атап өту қажет, ол тұтастай алғанда ҚР АПК-нің сот талқылауына дайындық кезеңіне және оның ішінде алдын ала сот отырысына қойылатын талаптарын нақтылайды және ашып көрсетеді. Көрсетілген нормалар бізді алдын ала сот отырысы істі сот талқылауына дайындау сатысының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады деген қорытындыға әкеледі.

Қорытындылай келе, азаматтық істерді сотта қарауға дайындау кезеңі азаматтық процестің міндетті сатысы болып табылады деп қорытынды жасауға болады. Азаматтық істі сот талқылауына дайындаудың мақсаты істің дұрыс және уақтылы шешілуін қамтамасыз ету болып табылады. Азаматтық процесте іс тікелей сотта және тек талапкер ұсынған материалдар бойынша қозғалады. Бұл материал тек осы іс бойынша процесті қозғау мүмкіндігі туралы мәселені шешуге негіз береді.

Судьяның дәлелдемелерге қатысты осы кезеңдегі міндеті дәлелдемелерді сот талқылауына дайындаумен шектеледі. Сондықтан істі дайындау сатысына дәлелдеу процесінің бастапқы кезеңі болып табылатын дәлелдемелерді ұсыну және жинау жөніндегі судья мен тараптардың әрекеттері ғана жатады. Мұнда судья келесі кезеңде, сот отырысында сот дәлелдемелерді зерттеумен және бағалаумен айналысуы үшін дәлелдемелік материалдың толықтығын қамтамасыз етеді. Істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым судья белгілеген іс-әрекеттер шеңберін ғана белгілейді, бірақ олардың мазмұнын көрсетпейді, яғни бұл мәселелерді шешпейді. Сондықтан судья белгілеген әрбір дайындық әрекеті, әдетте, басқа іс жүргізу құжатында объективті көрініс алады.

Істерді азаматтық процестің сатысы ретінде сот талқылауына дайындау оның ажырамас бөлігі болып табылады, іс жүргізу нысаны бойынша жүзеге асырылатын, бір-бірін алмастыратын және заңмен және сот ісін жүргізуге талап қою кезінде туындаған құқықтық қатынастарға қатысушылардың еркімен айқындалатын өзара байланысты, істі қарау үшін барлық жағдайларды жасаудан тұратын дербес мақсатты шешуге бағытталған дәйекті әрекеттерден тұрады. Дәл осы кезеңнің арқасында дауды сот талқылауына дейін шешу мүмкіндігі бар, оның субъектілеріне өздерінің іс жүргізу құқықтарын толық жүзеге асыруға мүмкіндік беріледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. Толығырақ: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>
2. Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 13 желтоқсан N 21. Толығырақ: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000021S>
3. Особенности подготовки гражданского дела к судебному разбирательству (Пернекулова Ж.А., судья Сарыаркинского районного суда города Астаны). Толығырақ: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33870139&pos=4;-108#pos=4;-108

4. Комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу Республики Казахстан
(Астана, 2016 год). Толығырақ:
https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32469410&pos=5746;-41#pos=5746;-41